

**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т. Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің «6 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің 2025 жылдың 29 желтоқсан күнгі конкурстық комиссия  
отырысының  
№ 14 хаттамасы**

**Құлан ауылы**

**29 желтоқсан 2025 жыл**

**Торалық еткен:**

1. Г.М. Тасқанбаева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

**Комиссия мүшелері:**

2. Г.А.Оналбекова - директордың ғылыми әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары;

3. Г.Е.Шапетова – Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің кадр меңгерушісі;

4. А.А.Кадралиева – кәсіподақ ұйымының төрайымы, математика пәнінің мұғалімі;

5. Д. Т. Қасымбекова – хатшы;

**Күн тәртібі:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» №57 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 96 бірлескен бұйрығына сәйкес «Директордың құқықтық істері жөніндегі орынбасары» лауазымы бойынша 0,5 бірлік тұрақты бос лауазымға жұмысқа қабылдау туралы.

**Тыңдалды:** Д. Т. Қасымбекова – конкурстық комиссияның отырысының хатшысы.

Конкурстық комиссия отырысына қатысатын комиссия мүшелерін таныстырып өтті. Комиссия мүшесінің бірі Болақбаева Алтын Жапарғалиевна аталған конкурсқа өтініш білдіргендіктен, уақытша конкурс комиссиясынан №6 мектеп-гимназиясының 2025 жылғы 19 желтоқсан күнгі №195-Ө бұйрығының негізінде комиссия мүшелігінен шеттетілгенін айтты.

**Сөйледі:** Г. М. Тасқанбаева – конкурстық комиссияның төрайымы.

2025 жылы 09 желтоқсан күні аудандық білім бөлімінің сайтына және «pobd. edu.kz» сайтына «Директордың құқықтық істері жөніндегі

орынбасары» лауазымы бойынша 0,5 бірлік тұрақты бос лауазымға конкурс жарияланғанын айтты. Конкурсқа жаны 3 үміткер өтініш білдірген. Конкурстық комиссия отырысының шешімі бойынша «nabd.edu.kz» сайтынан шыққан хаттамада конкурсқа қатысушы үміткер Серубай Ақниет Ержанқызын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп тануы қателік деп есептейтінін айтты. Себебі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығының 60-тармағында тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл және (немесе) білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы не "педагог – сарапшы" біліктілігінің болуы немесе "педагог – зерттеуші" немесе "педагог – шебер" біліктілігінің болуы керектігі нақты жазылған. Осы тұрғыда Серубай Ақниет Ержанқызының еңбек өтілі және біліктілік санаты жоқ жас маман екенін ескере отырып, комиссия мүшелерінің бағалауы бойынша жоғары 21(жиырма бір) балл алып отырған үміткер Болакбаева Алтын Жапарғалиевнаны ұсынатынын айтты.

**Сөйледі:** Г. Шапетова – конкурс мүшесі

Конкурстық комиссия отырысының шешімі бойынша «nabd.edu.kz» сайтынан шыққан хаттамада конкурсқа қатысушы үміткер Серубай Ақниет Ержанқызын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылуымен келіспейтінін және 21(жиырма бір) балл алып отырған үміткер Болакбаева Алтын Жапарғалиевнаны ұсынатынын айтты.

**Сөйледі:** Г. Оналбекова – конкурс мүшесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығының 60-тармағында нақты көрсетілген талаптарға сәйкес директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына конкурсқа қатысушы үміткер Серубай Ақниет Ержанқызының сәйкес келмейтінін және Болакбаева Алтын Жапарғалиевнаны ұсынатынын айтты.




**Сөйледі:** А. Кадралиева – конкурс мүшесі

Конкурса катысушы үміткер Серубай Ақниет Ержанқызының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен көзделген талаптарға сәйкес келеді деп танылуымен келіспейтінін, комиссия мүшесі ретінде Болакбаева Алтын Жапарғалиевнаны ұсынатынын айтты.

### **ШЕШІМІ:**

«Директордың құқықтық істері жөніндегі орынбасары» лауазымы бойынша тұрақты бос лауазымға Болакбаева Алтын Жапарғалиевна ұсынылсын.

**Комиссия төрайымы:** Г.М.Тасқанбаева 

**Комиссия мүшелері:** Г.А.Оналбекова   
Г.Е.Шапетова   
А.А.Кадралиева 

**Хатшы:** Д. Т. Қасымбекова 